Осы аударма ресми аударма болып табылмайды

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯЛЫҚ СОТЫНДА

2025 жылғы 28 қаңтар

№ AIFC-C/CFI/2024/0043 іс

«Property B11 Ltd» жеке компаниясы

Талап қоюшы

қарсы

«Есиль Инвест» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Жауапкер

ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

Сот Судьясы:

Том Монтагю-Смит КС

БҰЙРЫҚ

Талап қоюшы берген, Талап қоюшы мен Жауапкерді қайта ұйымдастыруға қатысты ұсынылған келісімді («Келісім») санкциялау туралы сот бұйрығын шығару жөніндегі өтінішті қарап, аталған Келісім 2024 жылғы 12 қыркүйектегі қосылу (бірігу) туралы келісімге сәйкес жасалған.

БҰЙЫРЫЛАДЫ:

1. «АХҚО Компаниялар туралы ережесінің» 124-бөліміне сәйкес Келісімге Сот тарапынан санкция берілсін.

2. «АХҚО Компаниялар туралы ережесінің» 126-бөліміне сәйкес Талап қоюшы мен Жауапкер Келісімде көзделген талаптар негізінде бірігу (қосылу) рәсімін жүзеге асырсын.

ШЕШІМ

1. Осы талап қоюмен Талап қоюшы Соттан Талап қоюшы мен Жауапкердің қосылуын санкциялайтын және оны жүзеге асыруды міндеттейтін бұйрықтар шығаруды сұрайды.

2. Талап қоюшы - АХҚО заңнамасына сәйкес тіркелген компания. Жауапкер - Қазақстан Республикасының (АХҚО-ға кірмейтін) заңнамасына сәйкес құрылған жауапкершілігі шектеулі серіктестік. Екі компанияның да қызмет түрі - мүлікті жалға беру және пайдалану.

3. 2024 жылғы 12 қыркүйекте Талап қоюшы мен Жауапкер («Келісім») тараптарды АХҚО-да біртұтас компанияға біріктіру туралы келісім жасасты. Келісімнің болжамды нәтижесі - Жауапкердің барлық активтері мен міндеттемелерін Талап қоюшыға беру. Келісім шарттарына сәйкес, қазіргі уақытта Талап қоюшының активтері жоқ. Демек, ұсыныс іс жүзінде Жауапкерді АХҚО компаниясына айналдыруды көздейді.

4. Property B11 Ltd жеке компаниясы екі тараптың да жалғыз акционері болып табылады. 2024 жылғы 12 қыркүйекте ол әр тарап бойынша акционерлердің арнайы шешімін шығарып, Келісімді және ұсынылған бірігуді бекітті.

5. 2024 жылғы 17 қыркүйекте «Юридическая газета» басылымында ұсынылған бірігу туралы хабарландыру жарияланды. Сол күні Жауапкердің барлық кредиторларына бірігу туралы хабарламалар жіберілді. Талап қоюшының айтуынша, олардың ешқайсысынан қарсылық түспеген.

6. Маған екі тарап бойынша да бухгалтерлік баланстар ұсынылды. Талап қоюшының активтері де, міндеттемелері де жоқ. Ал Жауапкердің активтері оның міндеттемелерінен айтарлықтай көп.

7. Компаниялар туралы Ереженің 124-бабы компания мен оның акционерлері арасындағы келісімдерге қолданылады. 124(3)-бапқа сәйкес, егер акционерлердің кемінде төрттен үш бөлігі келіссе, Сот келісімді санкциялай алады. Бұл шарт осы істе орындалған.

8. 124(2)-бапқа сәйкес, Сот акционерлер жиналысын тағайындай алады. Алайда бұл істіде мұндай жиналыс қажет емес, себебі әр компанияның жалғыз акционері тиісті шешімді алдын ала қабылдаған.

9. Сондай-ақ Сот кредиторлар жиналысын тағайындауы мүмкін, 125-бапқа сәйкес хабарламамен бірге. Алайда бұл жағдайда бұл да қажет емес, себебі барлық кредиторлар хабардар етілген және ешқайсысы қарсылық білдірмеген. Жауапкердің барлық активтері мен міндеттемелері Талап қоюшыға өтетіндіктен, олардың құқықтары бұзылмайды деп санаймын.

10. Жоғарыда айтылған жағдайларды ескере отырып, ұсынылған келісім орынды деп есептеймін және оны мақұлдаймын.

11. Компаниялар туралы Ереженің 126-бабына сәйкес, Сот ұсынылған келісімді іске асыруға көмектесетін бұйрықтар шығара алады. Талап қоюшы тараптарды біріктіру туралы бұйрық шығаруды сұрады, мен оны қанағаттандырамын.

Сот қабылдады,

Судья Том Монтагю-Смит КС,
Судья, АХҚО Соты

Өкілдік:

Талап қоюшы мен жауапкерді Астана қ., Қазақстан Республикасы, «Grata Law Firm» ЖШС-нің Нұрлыбек Сұлтан Нүсіпжанов мырзасы өкілдік етті.